Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «8D05109 - Нейроғылым» кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңес.

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер: 1.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері – 7 адам, олардың ішінде 4 адам диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері және 4 адам докторлық диссертацияның зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалады.

Диссертациялық кеңес мүшелері отырысқа түгел қатысты.

3. ЖЖОКБҰ көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Докторанттардың ТАӘ	Ғылыми жетекшілері	Докторант оқыған ЖОО
1	Жантлеуова Айша Канатовна	Каримова Алтынай Сагидуллаевна — медицина ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан). Давлетов Базбек Абубакирович — биология ғылымдарының докторы, профессор, Шеффилд университеті (Шеффилд қ., Ұлыбритания).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

4. Мынадай бөлімдерді қамти отырып, есепті жылдың ішінде кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау;

Жантлеуова Айша Канатовна – диссертациялық зерттеу созылмалы ауырсынудың жануарлар модельдерінде жаңа парализдеуші емес ботулиндік нейротоксиннің (BoNT), яғни ұзартылған изопептидті байланысқан BoNT (el-iBoNT), антиноцицептивті потенциалын зерттеуге бағытталған.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

А.К. Жантлеуованың диссератациялық жұмысы БНҚ BR27198099 «Нейроғылым бойынша интегративті ғылыми зерттеулерді дамыту» бағдарламасы аясында орындалды (Мемлекеттік регистрация № 0125РК00352).

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

А.К. Жантлеуованың диссератациялық жұмысының практикалық маңыздылығы NTG-индуцирленген созылмалы мигрень және STZ-индуцирленген диабеттік перифериялық нейропатия модельдерінде изопептидті байланысы бар ұзартылған ботулиндік нейротоксин түрі А (BoNT/A) болып табылатын el-iBoNT-ның терапиялық әлеуетін зерттеуге бағытталған. Сонымен қатар, зерттеуде жаңа препараттың парализдеуші белсенділігі де қарастырылды, өйткені табиғи нейротоксиннің күшті парализдеуші әсері оны қазіргі уақытта шектеулі қолданудың басты себебі болып табылады. Зерттеу

нәтижесінде, el-iBoNT жаңа botulinum препараты созылмалы ауырсынуға қарсы айқын антиноцицептивті белсенділікке және төмендетілген парализдеуші белсенділікке ие екені анықталды. Осылайша, модификацияланған ботулиндік нейротоксиннің молекулалық және жасушалық механизмдерін түсінуге үлес қосылды. Бұл зерттеу токсиннің парализдеуші әсері қажетсіз болатын басқа ауырсыну синдромдарын емдеуде әзірленген молекуланы одан әрі зерттеуге бағыт береді. Болашақта бұл зерттеу адамдағы созылмалы ауырсыну синдромдарын емдеуге арналған жаңа дәрілік молекуланы жасауға мүмкіндік береді.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертацияның мазмұнын оқып зерделеу үшін және сыни пікір беруі үшін әрбір диссертацияға ресми түрде екі рецензент тағайындалды, олардың ғылыми дәрежелері ғылым докторы немесе ғылым кандидаты, философия докторлары (PhD) болды және докоранттың зерттеу аясындағы ғылыми мақалалары 5 (бесеуден) аз болмауы шарт екендігі ескерілді.

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензент пен докоранттың, ғылыми кеңесшілерімен бір-біріне тәуелсіз болу принципін жетекшілікке ала отырып тағайындады.

Ресми рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша түрде пікірлерін көрсетті, онда диссертацияның ғылымның даму бағытына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі, өзектілігі, жаңашылдық принциптеріне сәйкестілігі, автордың жеке үлесі, нақтылығы, ішкі бірлігі, практикалық маңызы, академиялық адалдылығы ескерілген және философия докторы (PhD) дәрежесін алу мүмкіншілігі қорытындыланған. Ресми рецензенттердің берген пікірлерінің көшірмесі докоранттарға берілді және диссертацияны қорғау күні белгіленген күнге 15 (он бес) жұмыс күні қалғанға дейін университеттің сайтына ілінді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докоранттарының) - 1;

2) қараудан алып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докоранттарының) - 0;

3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докоранттарының) - 0;

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докоранттарының) - 0;

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докоранттарының) - 0;

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докоранттарының) - 0.

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____ А.М. Кустубаева

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____ М.К. Жолдасова

Мөр, күні 2025 жылғы "29" 12.